

## Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1996 жылғы 11 наурыз N 2895.

Ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, елді әлеуметтік-экономикалық қайта құрудары оның ролін және ғалымдарды мемлекеттік қорғауды күшету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының басшылығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясын, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы мен Ғылым және жаңа технологиялар министрлігін Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамында Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы етіп орталық атқарушы органға біріктіру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы:

ғылым мен техника саласында мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік басқарудың біртұтас органы болып табылады;

мемлекеттік тәуелсіз ғылыми сараптаманы жүргізе отырып, конкурстық негізде іргелі және қолданбалы ғылыми-техникалық зерттеулердің нысаналы бағдарламаларын қаржыландыруды жүзеге асырады;

оған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының осы Жарлық жарияланған сәттегі толық мүшелерінің көпшілігінің келісімімен Республика Президенті тағайындастын Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті басшылық етеді, ұсынылған кандидатура екі мәрте өтпей қалған жағдайда Қазақстан Республикасының Ғылым министрін - Ғылым академиясының президентін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындауды, деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы алқасының үштен бірі аталған Ғылым академияларының осы Жарлық жарияланған сәттегі толық мүшелерінің ішінен жасақталады деп белгіленсін.

4.<\*>

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

5. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Президентінің 1997.05.26 N 3531 Жарлығымен.

6. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі және ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" 1994 жылғы 9 ақпандағы N 1556 және "Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясын үйімдастыру туралы" 1990 жылғы 14 желтоқсандағы N 139 Жарлықтары.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

осы Жарлықтың күшіне енген сәтінде сайланған Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының толық мүшелеріне Қазақстан Республикасы Президентінің ғұмыр бойғы стипендиясын белгілесін;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрылуының 50 жылдығын мерекелеу туралы шешім қабылдасын;

ғылыми жұртшылықтың пікірін ескере отырып, білімнің түрлі салаларындағы жетекші ғалымдар мен мамандардың ішінен Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанынан Жоғары ғылыми-техникалық кеңес құратын болсын;

осы мақсаттарға бағытталатын бюджет қаражатының тиімді жұмсалуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ететін іргелі зерттеулер бағдарламаларын қаржыландырудың тәртібін анықтасын;

Қазақстан Республикасының Парламентіне "Қазақстан Республикасының ғылымы және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясының жобасын енгізсін;

ғылым мен техниканы дамытуға аса зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарды, сондай-ақ дарынды жас ғалымдарды қолдау жөнінде ұсыныстар табыс етсін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы туралы құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының Конституциясына және азаматтық заңдарына сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясын қайта құру жөнінде өзге де шараларды жүзеге асырсын.

8. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті